

Политехникалық колледжінің
«2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында
«Жоғары сапалы адами ресурстар – бәсекеге қабілетті ұлт»
тақырыбындағы дөңгелек үстел
ХАТТАМАСЫ

Өткізу күні: 20 қараша 2025 жыл

Өткізу уақыты: 10:00

Өтетін орны: Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК, акт залы

Ұйымдастырушы: Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК

ҚАТЫСУШЫЛАР ТІЗІМІ

1. Орынбаева Акканат Бегалиевна — ШҚББ «Әдістемелік орталығы» ТЖБ бөлімі, әдіскер
 2. Бабашов Асан Бақытұлы — Политехникалық колледж директорының ҒӘЖ орынбасары
 3. Көшікбаев Дархан Жаубасарұлы — «Фридом Телеком» оқу орталығының менторы
 4. Садыкова Жангуль Эрнстовна — директордың ТІЖ орынбасары
 5. Ешентаева Ботагоз Абдухакимовна — оқу бөлімінің меңгерушісі
 6. Балабекова Дана Амановна — әдістемелік кабинет меңгерушісі
 7. Семей Аулым Нұрболқызы — арнайы пән оқытушысы
 8. Әлеуметтік серіктес кәсіпорындар өкілдері
 9. Қала колледждерінің арнайы пән оқытушылары
 10. Колледж студенттері
- (Толық тізім қатысу парағында көрсетіледі)

КҮН ТӘРТІБІ

1. Болашақ экономикасындағы жұмысшы мамандықтарының рөлі.
2. Адами ресурстар сапасы – ұлт бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы.
3. Жасанды интеллектіні білім беру жүйесіне интеграциялау.
4. Жастарды қолдау және жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру тетіктері.
5. Шебер-сынып: «Сабақ барысында жасанды интеллект инструменттері мен интерактивті платформаларды тиімді қолдану».
6. Пікір алмасу және қорытынды шығару.

ЖИНАЛЫСТЫҢ БАРЫСЫ

1. Алғы сөз

10:00–10:10. Жиынды **Орынбаева Акканат Бегалиевна** ашып, жұмысшы кадрларын даярлаудың ел дамуы үшін стратегиялық маңыздылығын атап өтті.

Бабашов Асан Бақытұлы дөңгелек үстелдің мақсаты мен міндеттеріне тоқталып, колледждің түлектерді еңбек нарығына бейімдеп даярлау бағытындағы жұмыстарын хабарлады.

2. Баяндамалар тыңдалды

10:10–10:20 — «Болашақ экономикасындағы жұмысшы мамандықтарының рөлі»

Баяндамашы: **Көшікбаев Дархан Жаубасарұлы**

Индустрияландыру жағдайында техникалық бағыттағы мамандарға сұраныстың артқаны; Автоматтандыру дәуірінде білікті жұмысшы кадрдың рөлі күшейгені айтылды.

10:20–10:25 — «Молодёжный потенциал – ресурс устойчивого развития и конкурентоспособности нации»

Баяндамашы: Садыкова Жангуль Эрнстовна. Жастардың кәсіби әлеуетін арттырудың ел экономикасына ықпалы; Тұлғалық және кәсіби дамуды қолдау механизмдері талданды.

10:25–10:30 — «Жасанды интеллекттің білім беру жүйесіне интеграциялау»

Баяндамашы: Ешентаева Ботагоз Абдухакимовна. Оқу процесін автоматтандыру, жеке білім беру траекторияларын құру; Педагогтардың цифрлық құзыретін арттыру қажеттілігі айтылды.

10:30–10:35 — «Жастарды қолдау және жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру тетіктері»

Баяндамашы: Балабекова Дана Амановна. Жұмысшы мамандықтары жөніндегі ақпараттық саясатты күшейту; Мамандықтың беделін жоғарылатуға бағытталған жобалар қажеттілігі көрсетілді.

3. 10:35–10:50 — Шебер-сынып

«Сабақ барысында жасанды интеллект инструменттері мен интерактивті платформаларды тиімді қолдану»

Ұйымдастырушы: Семей Аулым Нұрболқызы. Педагогтарға арналған AI сервистер көрсетілді; Практикалық жұмыстар орындалды; Интерактивті платформалар мүмкіндіктері таныстырылды.

4. 10:50–11:00 — Қорытынды және пікір алмасу. Қатысушылар талқылау барысында келесі ұсыныстарды қолдады:

ҰСЫНЫСТАР

1. Колледж бен өндіріс орындарының ынтымақтастығын кеңейту.
2. Білім беру бағдарламаларын еңбек нарығы талаптарына сәйкестендіру.
3. Дуалды оқытуды күшейту.
4. Өндірістік тәжірибенің мазмұнын жаңарту және арттыру.
5. Студенттердің **WorldSkills** және цифрлық құзыреттерін дамыту.
6. Жұмысшы мамандықтарын насихаттауға бағытталған мотивациялық жобалар дайындау.
7. Жасанды интеллект технологияларын оқу үдерісіне кезең-кезеңімен енгізу.

ШЕШІМ

1. Дөңгелек үстел қорытындылары негізінде 2025 жылға арналған іс-шаралар жоспары әзірленсін.
2. Әлеуметтік серіктестермен бірлескен жобалар пакеті құрылсын.
3. Оқу процесіне цифрлық және AI құралдарын енгізу бойынша әдістемелік ұсыным жасалсын.

Колледж директорының у.м.а.

А.Бабашов

Хатшы

Д.Балабекова

